

Қарағанды облысы бюджеттік мекемелерінің қарыздары бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 қараша N 1416

Қарағанды облысы бюджеттік мекемелерінің жылу және электр энергиясы үшін пайда болған берешектерін қысқарту және электр станцияларын көмірмен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп "Борлы" акционерлік қоғамының республикалық бюджетке есептелген жалпы мемлекеттік салық бойынша есептемеге алынған 81283 мың (сексен бір миллион екі жүз сексен үш мың) теңге сомасындағы берешегіне қоса беріліп отырған тізбеге (1-қосымшаға) сәйкес өтем жасасын;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі республикалық мекемелерінің пайдаланған жылу және электр энергиялары үшін берешектерін өтеуге есептемеге алу үшін 1996 жылғы республикалық бюджетте мемлекеттік міндеттемелерді орындауға көзделген 31810 мың (отыз бір миллион сегіз жүз он мың) теңге сомасында қаражат бөлсін, ал "Борлы" акционерлік қоғамының республикалық бюджетке төлемдер бойынша 49473 мың (қырық тоғыз миллион төрт жүз жетпіс үш мың) теңге сомасындағы қалған берешегін оларға 1996 жылы көзделген қаражатқа сәйкес республикалық мекемелерді қаржыландыру есебіне есептесін (2-қосымша).

2. "Борлы" акционерлік қоғамының Қарағанды облысының электр

станцияларына республикалық бюджетке есептелетін төлем есебіне, келісілген баға бойынша облыс әкімдері бекіткен кестеге сәйкес көмір беру туралы ұсынысы қабылданын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша осы есептемені 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 21 қарашадағы

№ 1416 қаулысына

1-қосымша

"Борлы" акционерлік қоғамының республикалық бюджетке есептемеге алынатын берешегінің сомасы

(мың теңге)

Кәсіпорын атауы	Заңды	ҚҚС	Барлығы
тұлғалардан			
алынатын табыс			
салығы			
"Молодежный" кеніші	19303	26300	45603
"Қушоқы" кеніші	3612	4334	7946
"Қарагандауголеразрезы" МРК	23223	4511	27734
Жиыны	46138	35145	81283

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 21 қарашадағы

№ 1416 қаулысына

2-қосымша

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік мекемелердің жылу және электр энергиясы үшін есептемеге алынатын берешек сомасы

Министрліктер мен ведомстволардың атаулары	Барлығы	Оның ішінде
	электр	жылу
	энергиясы	энергиясы
Білім министрлігі	23593	23593

Денсаулық сақтау

министрлігі	14042	14042	
Ғылым министрлігі- Ғылым академиясы	4490	4490	
Ішкі іс министрінің ішкі әскерлер бас басқармасы	1473	878	595
Төтенше жағдайлар жөніндегі мемкомитет	2432	2432	
Қорғаныс министрлігі	719	719	
"Қазақстан теледидары мен радиосы" корпорациясы	266	266	
Әділет министрлігі	1158	1158	
Бас прокуратура	573	573	
Ауыл шаруашылығы министрлігі	727	727	
Ішкі іс министрінің ҚАЖ бас басқармасы	31810	31810	
Жиыны	81283	35146	46137